



## Мектеп директорларына

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Жамбыл облысы әкімдіні білім басқармасының оқу-әдістемелік орталығы балалар мен жасөспірімдерді кітап оқуға тарту, кітап оқуды насихаттау және «**Оқуға құштар мектеп**» жобасын, «**Балалар кітапханасы**» бағдарламасын жүзеге асыру бағытындағы іске асырылатын іс-шаралар жоспарына сәйкес 2024 жылдың желтоқсан айында «**Үздік оқырман отбасы**» атты облыстық сырттай байқауы өтетіндігі туралы хабарлайды.

«**Үздік оқырман отбасы**» атты облыстық сырттай байқауы білім беру ұйымдарында қараша - желтоқсан айында өткізіледі.

Осыған орай, аудандық, қалалық кезеңнің жеңімпазы атанған қатысушы туралы суранысты байқау Ережесіне сәйкес 2024 жылды 27 қарашасына дейін **abb\_gulzira 75@mail.ru** электронды поштасына және мекеме басшысының қолы қойылған қағаз түрінде жіберулері тиіс.

**Қосымша:** 2 бет

**Ескерту:** Байқаудың ережесі мектептердің электронды пошталарына жіберілді. Ережеге сәйкес қатысушылардың құжаттары электронды және қағаз нұсқада білім бөліміне ұсынылады.

/ Басшы



М. Сванов

Орындаған : Г. Ускенбаева  
Тел.: 87071131975

Жамбыл облысы әкімдігі  
білім басқармасының  
оқу-әдістемелік орталығының  
«\_\_» қараша 2024 жылғы  
№ \_\_ бұйрығына қосымша

**«Оқуға құштар мектеп» жобасы, «Балалар кітапханасы» бағдарламасын  
іске асыру аясында өткізілетін облыстық «Үздік оқырман отбасы» атты  
сырттай байқауы туралы  
ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы Ереже «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру мақсатында өтетін отбасымен бірге оқитын «Үздік оқырман отбасы» атты сырттай байқауы (бұдан әрі-Байқау) өткізу тәртібін, байқаудың Ұйымдастыру комитетінің (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) қатысу шарттары мен құрамын айқындайды.

**2. Байқаудың мақсаты**

Баланы терең ой мен саналы білімге жеткізуде кітаптың алатын орны ерекше екенін түсіндіру, кітапты таңдау, оны оқып баланың жүрегіне жеткізудегі ата-ананың рөлін, ата-ана мен бала арасындағы кітап жайлы көзқарастарын қалыптастыру, қоғамға парасатты биік азамат тәрбиелеудегі кітаптың алатын орны туралы әңгімелеу.

**Байқаудың міндеттері**

- «Балалар кітапханасы» бағдарламасына ұсынылған 1770 көркем әдебиеттер тізбесіндегі шығармаларын оқу, оқушыларға оқуға ұсынылған 100 кітап жобасын жалғастыру;
- отбасылық кітап оқуды насихаттау, оқырмандардың әдеби кітапқа деген қызығушылығын арттыру;
- кітаптың қазіргі отбасындағы рөлі мен орнын күшейту;
- оқушылардың сөздік қорларын молайту, дүниетанымдарын кеңейту, тіл байлығын, шығармашылық қабілеттерін, логикалық ойлау қабілетін дамыту.

**3. Байқауды өткізу кезеңдері**

3.1. Байқау сырттай үш кезеңде өткізіледі:

1. I мектепшілік кезең - 2024 жылдың 18 қарашасына дейін.
2. II аудандық (қалалық) кезең – 2024 жылдың 29 қарашасына дейін.
3. III облыстық кезең – 2024 жылдың 13 желтоқсанына дейін.

#### 4. Байқауды ұйымдастыру кезеңдері

4.1. Байқауға жалпы орта білім беру мекемелерінің 1-11 сынып оқушылары, ата-аналары қатысады (әр ауданнан 2 жеңімпаз).

4.2. Облыстық деңгейде өткізілетін сырттай байқауда үздік оқырман отбасы анықталады.

4.3. Аудандық, Тараз қалалық білім бөлімдері басшыларының қолы қойылған байқауға қатысу туралы өтінім (1қосымша), қазылар алқасының хаттамаларының көшірмесі 2024 жылдың 3 желтоқсанына дейін **Madina.27.02.1967@yandex.kz** электронды поштасында қабылданады.

4.4. Бас жүлде мен I орынға ие болған аудандық (қалалық) кезеңнің жеңімпаздары облыстық кезеңге қатысады.

#### 5. Байқаудың мазмұны

Қатысушылар берілген кітаптардың ішінен біреуін тандап оқып, отбасы мүшелерімен бірге оқыған кітапты талдағанын бейнеролик мазмұнында көрсетіп, шығарма идеясының мазмұнын түсіндіріп, өздері оқыған шығарманы өзгелерге де насихаттай алуы қажет.

#### 6. Ұсынылатын жұмыстарға қойылатын талаптар

6.1. Бейнероликте отбасының әрбір мүшесі ойын 3 минутта тұжырымды жеткізуі тиіс.

6.2. Тақырыпты ашуда таңдалған кітаптың оқушыларға оқуға ұсынылған 100 кітап тізімі мен «Балалар кітапханасы» бағдарламасына ұсынылатын кітаптардың тізіміне сәйкестігі (қазақ әдебиеті тарихының барлық дәуірі мен кезеңін, жанрлық бағытын қамтитын 1770 шығарма) тақырыпты ашудың толықтығы мен тереңдігі айқындалуы керек.

#### 7. Байқауды ұйымдастыру және өткізу

7.1. Білім беру ұйымдарына байқаудың өткізілуі туралы хат жолданады.

7.2. Байқау 2024 жылдың 13 желтоқсаны күні өткізіледі.

7.3. Байқауды ұйымдастыру, өткізу және бірінші және екінші кезең қорытындыларын шығару, жеңімпаздарды марапаттау үшін аудандық (қалалық) ұйымдастыру комитеттері мен қазылар алқасы құрылады.

#### 8. Байқауды қорытындылау

- Байқау жеңімпаздары байқау комиссиясының әрбір мүшесінің бағаларын жинақтау нәтижесінде алынған ең жоғарғы ұпай көрсеткіші бойынша айқындалады.

- Қазылар алқасының шешімі хаттамамен ресімделеді.

- Байқаудың жеңімпаздары облыстық оқу-әдістемелік орталығының I, II, III дәрежелі дипломдарымен, алғыс хаттарымен марапатталып, нәтижесі орталықтың әлеуметтік желідегі парақшаларында жарияланады.